

Үкімет басшысы ҚМГ өндірістік нысанында болды

2

Без ущерба для окружающей среды

4

Өзен кенорнындағы Ізбасар қолтаңбасы

8

Хакатон в нефтяной столице Татарстана

10

munailymeken.kz

Munaily meken

№ 07
Shilde
2019 jyl

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАТАҢ САҚТАҢЫЗ!

Өз амандығыңызды, отбасыңызды ойлаңыз!

Үкімет басшысы ҚМГ өндірістік нысандарында болды

Шілденің 17-19 күндері Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Маңғыстау және Атырау облыстарына болған жұмыс сапары аясында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының өндірістік нысандарының қызметімен танысты.

► Маңғыстау облысына сапары барысында Үкімет басшысы «CASPI BITUM БК» ЖШС-не барды. Битум зауыты 2013 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілген. Кәсіпорын заманауи жабдықпен жабдықталған және жылына 1 млн. тонна мұнай өңдей алады.

Мұнай зауытқа «Қаражанбас» кен орнынан жеткізіледі. Себебі осы кен орнының шикізаты ғана техникалық сипаттамалары бойынша жол битумын шығару үшін ең оңтайлы болып табылады.

Зауыт жұмысының нәтижесінде және басқа отандық өндірушілердің өнімін қоса алғанда, бүгінде елдің жол битумына деген қажеттілігі толық қамтылуда. Салыстыратын болсақ, 2013 жылы Қазақстанға сырттан 200 мың тоннадан астам битум әкелінетін. Ал қазіргі уақытта зауыт өнімі елдің ішкі нарығының жалпы қажеттілігінің 37%-ын қамтамасыз етті.

«ҚазМұнайГаз» ҰАҚ мұнай өңдеу жөніндегі басқарушы директоры Мұратжан Мұсайбеков зауыт іске қосылған уақыттан бастап 3,52 млн. тонна мұнай өндіріп, 1 млн. тоннадан астам жол битумы немесе 3 500 шақырымға жуық жол шығарғанын атап өтті.

Бүгінде Ақтау битум зауыты жоғары сапалы, оның ішінде бұрын соңды Қазақстанда шығарылмаған полимерлі-түрлендірілген битум өндіреді. Полимерлі-түрлендірілген битум

жылуға, аязға және тозуға төзімділігі бойынша жақсартылған сипаттамалары есебінен асфальт-бетондық жабындылар қызметінің мерзімін 1,5-2 есеге ұзартады.

► ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Атырау облысына сапары кезінде полипропилен өндіретін біріктірілген газ-химия кешені құрылысының барысымен танысты. Үкімет басшысы бастаған делегация «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағында орналасқан кешеннің құрылыс алаңдарын аралады.

Кешенді «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» компаниясы салып жатыр. БГХК құрылысы (I фазасы – полипропилен өндірісі) пропанды дегидрирлеу (PDH), пропиленді полимерлеу (PP) технологиялық қондырғыларынан және 32 ірі инфрақұрылым нысанынан тұрады. Жобаның мақсаты – жылына 500 мың тонна полипропилен өндіру.

Біріктірілген газ-химия кешені құрылысы 2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарылуына берілгеннен кейін белсенді іске асырыла бастады – жұмыс қарқыны артып, құрылыс кестесі оңтайландырылды. Қазақстанда ірі жобаларға қатысу тәжірибесі бар білікті мамандар жұмылдырылды.

ҚМГ Басқарма төрағасының мұнай өңдеу



«CASPI BITUM БК» ЖШС

және маркетингі жөніндегі орынбасары – «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc» ЖШС Басқарма төрағасы Данияр Тиесовтің баяндамасында PDH пропанын дегидрирлеу, PP пропиленді полимерлеу қондырғыларын және жалпы зауыттық шаруашылықты салуға арналған алаңдарда жұмыстар жүріп жатқандығы атап өтілді. Қазіргі уақытта бас мердігер мен қосалқы мердігерлерге арналған дала кеңсесі, тапсырыс берушінің уақытша кеңсесі мен 2 960 орындық уақытша кенттің, 3 асхананың, қазандықтың, медициналық кабинеттің құрылысы аяқталды. Металл құрылымдары мен құбыржол тораптарын құрастыру, сырлау цехтары салынды. Жалпы жоба құрылысының 35%-ы орындалды. Жобалау жұмыстарының 58%-ы бітіп тұр. Зауыттың бас жоспары әзірленді және бекітілді.

Жабдықтарды жеткізу жұмыстарының 40%-ы орындалды: қазірдің өзінде ұзақ мерзім бойы дайындалатын жабдықта тапсырыс беру аяқталды – бұл жабдықтың 123 бірлігі. Тапсырыстың басым бөлігі Еуропада орналастырылды. Ең ірі бағанға – пропан мен пропилен сплиттеріне тапсырыс – «АтырауМұнайМаш» зауытына берілді. Логистикалық қызмет көрсетуге Қашаған және Теңіз жобаларына ірі көлемді жабдықты жеткізу тәжірибесі бар қазақстандық компания тартылды. Құрылыс алаңында уақытша сақтау қоймасы дайындалды, оған кедендік тазартудан өту үшін жабдықтар мен материалдар жеткізіледі.

Қазіргі кезде құрылыс-монтаждау жұмыс-

тарының шамамен 22%-ы орындалды. Қадаларды орнатылды, бетон жұмыстары жүргізіліп жатыр. Енді құрылымдарды орнату кезеңі басталды.

Бұдан басқа, жоба аясында көлік инфрақұрылымының құрылысы жүріп жатыр.

► Асқар Мамин Атырау мұнай өңдеу зауытында да болды. Зауыт басшысы Шұхрат Данбай Үкімет басшысына биыл кәсіпорында енгізіліп және іске асырылып жатқан жаңа алты жоба туралы баяндады. Олар – Arman, Bailanys, 5S, «Жеті Қазына», Jaña Jol және Tazalyq.

Айталық, Arman жобасы аясында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың жөндеу жұмыстары жүргізілуде, Bailanys жобасы бойынша телекоммуникациялық желілер жаңғыртылады, 5S – бұл жұмыс орындар стандарттау жөніндегі жоба, Jaña Jol – бұл зауыттың жолдарды қалпына келтіру, «Жеті Қазына» – арнайы киіммен қамту орталығы мен жаңа мұрағат құру, Tazalyq – бұл зауыттың тазалау құрылымдары мен булану алаңдарын жаңғырту.

Зауыт басшысы Асқар Маминге қызметкерлердің әлеуметтік қолдауы туралы да айтты. Осы жылы, Елбасы жариялаған Жастар жылы аясында кәсіпорында жас мамандарға арналған тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Жаңа тұрғын үй кешенінен 100 пәтердің кілті жастарға 2020 жылдың тамыз айында – зауыттың 75 жылдығына орай табысталады болады. **M**



«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.»

ҚМГ мен Татнефть өзара ынтымақтастықты дамытуға мүдделі


«ҚазМұнайГаз» ҰАҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев пен ҚМГ делегациясы Татарстанның астанасы – Қазан қаласына жұмыс сапарымен барды.

Шілденің 10-ы күні «Сауда-экономикалық ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықтың қағидаттары туралы» үкіметаралық келісімнің шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Алик Айдарбаев Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановпен кездесті. Кездесу барысында тараптар мұнай-газ саласында ынтымақтастықтың жаңа кезеңін бастауға ынта білдірді. Атап айтқанда, геологиялық барлау жұмыстары, мұнай және газ химиясы, техникалық ынтымақтастық және цифрландыру мәселелері бойынша Татарстан Республикасының кәсіпорындары мен ҚМГ арасындағы өзара іс-қимыл мүмкіндіктері талқыланды.

Сол күні «ҚазМұнайГаз» ҰАҚ және «Татнефть» ЖАҚ арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Құжатта Қазақстан мен Ресей аумағында геологиялық зерттеу және бірлескен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу; мұнай өндірудің жаңа технологияларын енгізу және өндірісті цифрландыру бойынша тәжірибе алмасу саласындағы ынтымақтастықтың болжамды бағыттары айқындалған.

ҚМГ басшысы Алик Айдарбаев Татнефть және ҚазМұнайГаз компанияларын техникалық ақпаратпен алмасу және мамандар оқыту саласында ұзақ жылғы берік қарым-қатынастар байланыстыратынын атап айтты:

«Меморандумға қол қою арқылы біз бірлескен даңғыл жолдың жаңа кезеңіне жол ашатынымызға сенімдімін. Мұнай-газы бар Каспий маңы ойпатын игеру мәселесі ірі халықаралық мұнай компаниялары үшін үлкен қызығушылық тудырып отыр. Ресейдің,



оның ішінде Татарстанның компаниялары осы процеске белсенді қатыса алады».

Тараптар Қазан қаласындағы кездесу мұнай-газ саласының қазіргі сын-тегеуіріндерін талқылауға арналған алаң ғана емес, сондай-ақ ынтымақтастықтың жаңа әрі өзара тиімді

бағыттарын анықтаудың керемет мүмкіндігі екенін атап өтті. Қатысушылар кездесу Қазақстан мен Татарстанның жетекші мұнай-газ компаниялары арасындағы серіктестік қатынастардың нығаюына өз септігін тигізетініне сенім білдірді. **M**

«ҚазМұнайГаз» міндеті – өндіріс қауіпсіздігін 100%-ға жеткізу

Еңбек және өндіріс қауіпсіздігін сақтау – барлық уақытта басты назарда болатын мәселе. Бұл жұмысшыдан бастап басшыға дейін қатаң орындауды қажет ететін қағидат, басты талап. Бұл бағыттағы жұмыстарды «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үнемі назарда ұстайды.



Шілденің 1-і күні Нұр-Сұлтан қаласында «Нөлдік көрсеткішке жету – басты міндетіміз» тақырыбымен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бас директорларының V форумы өтті. Алқалы жиын «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобында еңбек пен қоршаған ортаны қорғау саласының қазіргі хал-ахуалын бағалау және қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру мәселелеріне арналды.

Форумға ҚМГ мен еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылары, бірқатар қазақстандық және шетел компанияларының өкілдері қатысты. Сондай-ақ, компанияның міндеттері мен проблемалық мәселелерін талқылау үшін алғаш рет мердігерлік ұйымдардың өкілдері форум қонағы болды.

Шараны ашқан ҚМГ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев алдымен компанияның өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметінің қорытындысына тоқталды. «Соңғы жылдары біз өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбек қорғау бойынша айтарлықтай

жетістіктерге жеттік. «Самұрық-Қазына» қорының портфельді компаниялары арасында біз осы салада алдыңғы қатарға шықтық. Мәселен, осы жылдың басынан бері өндірістік жарақат алу жағдайлары 26%-ға, яғни 23-тен 17-ге дейін қысқарды. Бұл компания тарихындағы ең төмен көрсеткіш. Біз бұл бағыттағы жұмысты әлі де жандандыруымыз қажет. Адам жұмыстан соң отбасына аман-есен оралуы керек. Қауіпсіздік талаптарының сақталуына бәріміз жауаптымыз. Ал соңғы жиырма бір ай ішінде ҚазМұнайГаз компанияларының өндіріс ошағында өлімге әкелген бір ғана оқиға тіркелді. Бір адам өлімінің өзі – тым көп, ауыр жағдай. Сол себепті бүгінгі форум «Нөлдік көрсеткішке жету – басты

міндетіміз» тақырыбымен өтіп отыр. Біз күнделікті өндірістік қызметімізде зиянды және қауіпті өндірістік факторларды, өндірістік жарақат алуды және қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмай, нөлдік көрсеткіштерге жеткізуіміз керек. Бұл баршамыздың ортақ мақсатымыз», – деді А.Айдарбаев.

Еңбек қауіпсіздігін, техникалық талаптарды сақтау әрбір қызметкерге бұлжытпас міндет болуы тиіс. Біз еңбек ету міндеттерін орындау кезінде отбасында қалған ата-анамыз, балаларымызға қатысты жауапкершілікті бір сәтте естен шығармауымыз керек. Барлық істі жеке өзіміз ойлағандай емес, қалыптасқан, міндеттелген талап-тәртіп аясында іске асыруымыз керек. Сонда ғана біз белгілі жетістікке жетіп, өлім-жітімнің, өндірістік жарақаттың алдын аламыз. Осындай қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға әрбір қызметкер өз үлесін қоса білуі керек. Бұл да ұжымдық мәдениеттің ажырамас бөлігі. ҚМГ басшысы осыған баса назар аударды. Бұдан басқа, компанияның серіктестері мен мердігерлер де нөлдік көрсеткіштерге жету үшін барынша жұмыстануы керек. Биыл олардың еңбек пен қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтауына ерекше бақылау орнату жоспарланып отыр.

«Осы жылы біз мердігерлік ұйымдарда еңбек пен қоршаған ортаны қорғау бойынша тиімді жұмысты қамтамасыз етудің бағдарламасын жасап, іске қостық. Себебі олар өндірістік міндеттерді іске асыру кезінде маңызды рөл атқарады. Өзара тығыз байланыс жағдайды мейлінше жақсартуға

мүмкіндік береді. «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының және мердігерлік ұйымдар барлық қызметкерлерінің үйлеріне жұмыстан аман-есен оралуы үшін біз бірігіп күш салып, еңбек етуіміз керек. Бұл – ортақ міндет!», – деді өз сөзінде А. Айдарбаев.

Соңғы жылдары басшылықтың өндірістігі қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа атсалысу деңгейі едәуір артқан. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша соңғы 4 жыл ішінде оң көрсеткіш байқалған. 2018 жыл үздік нәтижелерді көрсеткен. Бұл ретте, ҚМГ басшылығы келесі кездесуде жағдайды жақсарту мәселесін емес, нөлдік көрсеткіштерге жетуге кедергі келтірген себептерді талқылау алға қойылатынын қаперге берді.

Форум барысында 2018 жылдың қызмет қорытындысы бойынша HSE саласындағы үздік көрсеткіштері үшін «ҚазТрансОйл» АҚ, «ҚазақОйл-Ақтөбе» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Азия газ құбыры» ЖШС, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС басшылары марапатталды. Бұл компаниялар еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау бойынша үздік нәтижелер көрсетіп қана қоймай, өз өндірістік бөлімшелерінде корпоративтік стандарттар мен бастамаларды табысты енгізді.

Сондай-ақ, мәжілісте су ресурстарын басқару, еңбек қауіпсіздігі мен апаттардың алдын алу, қауіпсіздік мәдениетін арттыру мәселелері бойынша мекеме басшыларының дербес жауапкершілігін күшейту сияқты өзекті мәселелер де көтерілді. **М**



«Абай» жобасы бойынша құжатқа қол қойылды

Шілденің 4-і күні Шетел инвесторлары кеңесінің аясында ҚР Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Эни С.п.А.» компаниясының басшылары арасында ұшжақты кездесу өтті.

Кездесу барысында Энергетика министрлігі, ҚМГ және «Эни Исатай Б.В.» (Эни) арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы «Абай» теңіз учаскесін бірлесіп игеру шеңберінде көмірсутектерді барлау мен өндіру құқығын беру бойынша тікелей келіссөздер хаттамасына қол қойылды.


Келіссөздердің нәтижесі бойынша тараптар Қазақстан пайдасына қол қою бонусын төлеу (жер қойнауын пайдаланушының келісімшарт жасалатын аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығы үшін біржолғы тіркелген төлем – ҚР Салық кодексі)

және жер қойнауын пайдаланушының жергілікті қамту үлесі бойынша міндеттемелері туралы келісті.

Ынтымақтастықтың келесі кезеңі «Абай» учаскесінде көмірсутек шикізатын барлау және өндіру жұмыстарына келісімшарт жасасу болады.

Еске сала кетейік, 2019 жылғы наурыз айында ҚМГ және Эни компаниясы «Абай» учаскесі жөніндегі жобаны бірлесіп іске асыру шеңберінде Бірлескен қызмет туралы келісімге және Қаржыландыру туралы келісімге қол қойған болатын

«Абай» учаскесі Каспий теңізінің қазақстандық сектор акваториясының солтүстік бөлігінде орналасқан. Су тереңдігі – шамамен 8-10 метр. Көмірсутектердің геологиялық қорлары 337 млн тонна мұнай эквивалентіне бағаланады. **М**



КМГ на пути сохранения водных ресурсов страны

Ксения ЮРКАВЕЦ

Вода является жизненно важным природным ресурсом, который часто воспринимается как должное. Вместе с тем, по оценке Института Мировых ресурсов к 2040 году Казахстан будет страной с экстремально высоким водodefицитом – в среднем по стране мы будем потреблять 80% от всех имеющихся у нас запасов пресной воды. Кроме того, растет понимание взаимозависимости между водой и энергетической отраслью. В КМГ вода сопровождает всю деятельность Компании от скважины до переработки и транспортировки нефти. Трудно переоценить также значимость важнейших пресноводных артерий страны – Урала, Иртыша, Волги – для жителей этих регионов. Водовод Астрахань-Мангышлак, например, – это нить жизни, протянувшаяся из Атырауской области в Мангистаускую. Водовод, изначально созданный именно для подачи воды на нефтяные месторождения Западного Казахстана, сегодня обеспечивает водой более 50% населения Бейнеуского, Мангистауского и Каракиянского районов и 100% населения г.Жанаозен.

Помимо речной воды компании группы КМГ используют также подземные воды и воду из Каспийского моря. Суммарный водозабор по группе компаний ежегодно увеличивается, и в 2018 году достиг 94 миллиона кубометров. За 10 лет суммарное потребление воды в КМГ составило 832

миллиона кубометров воды, что примерно равно одной трети всех водных запасов Есильского водохозяйственного бассейна (в который входят столица, города Кокшетау, Петропавловск, весь бассейн реки Ишим и все Боровские озера).

При этом очевидно, что именно с наличием достаточного количества пресной воды ассоциированы многие экономические и социальные риски для Компании. И ответом на все угрозы и вызовы является только бережное рациональное управление водными ресурсами на уровне каждого потребителя, каждого бизнеса.

В декабре 2018 года в КМГ был сделан огромный шаг в сторону водной устойчивости – Правление Компании приняло Корпоративный стандарт по управлению водными ресурсами в группе компаний КМГ. Был разработан единый подход, дана основа для повышения эффективности использования воды, для повышения осознанности бизнеса, для укрепления наших позиций в ответ на надвигающийся водный кризис.

1 июля 2019 года в рамках Форума Генеральных директоров по ОТОС Председатель Правления КМГ Алик Айдарбаев подписал Заявление приверженности рациональному управлению водными ресурсами в КМГ, обозначив для Компании новую эпоху осознанности и стремления к сохранению этого ценнейшего ресурса для экономики и общества. **MI**



Без ущерба для окружающей среды

С вводом в строй новой очистительной установки на Атырауском НПЗ планируют значительно сэкономить сырье и многократно сократить вывоз нефтесодержащих отходов.

В рамках модернизации механических очистных сооружений по проекту TAZALYQ на Атырауском НПЗ введена в эксплуатацию новая установка – трикантер производительностью 30 кубометров в час.

Трикантер представляет собой трехфазную центрифугу, предназначенную для очистки жидких стоков от нефтесодержащих отходов и разделяющую их на воду, твердые частицы и нефтепродукты. Это существенное продвижение, ведь ранее все нефтесодержащие отходы на установках МОС откачивались и вывозились на полигон. Теперь же путем переработки и разделения твердых и жидких фаз стало возможным извлекать из отходов от 30 до 50% чистого нефтепродукта, что сокращает необходимость их вывоза на 80%.


«Нашей главной задачей является развитие производства без ущерба для окружающей среды. С этой целью мы запустили в этом году

масштабный проект TAZALYQ. Постоянное снижение объема выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, полная ликвидация отходов, максимально возможная очистка сточных вод – вот результат, к которому мы стремимся», – рассказывает генеральный директор ТОО АНПЗ Шухрат Данбай.

Благодаря трикантеру объем накопления нефтешлама в рабочих емкостях механических очистных сооружений будет снижен, что позволит их в дальнейшем демонтировать в рамках проекта TAZALYQ. Кроме того, будут достигаться существенная экономия за счет уменьшения технологических потерь и возврата нефтепродукта в процесс нефтепереработки.








Наиболее важный результат от внедрения трикантера – улучшение экологической обстановки не только на самом предприятии, очистных сооружениях, но и на пруду-испарителе, и, в конечном счете, в городе Атырау.

Введение в строй современной установки по переработке нефтешлама – очередной шаг на пути снижения негативного воздействия промышленного производства на окружающую среду и повышения уровня экологической безопасности АНПЗ. **MI**



Заявление о приверженности рациональному управлению водными ресурсами

8 ВОДНЫХ ПРИНЦИПОВ

-  Мы осознаем высочайшую ценность воды для жизни и здоровья человека, для общества и нашей производственной деятельности, и безоговорочно принимаем важность бережного и рационального отношения к водным ресурсам страны.
-  Мы стремимся не только выполнять требования законодательства Республики Казахстан, но и соответствовать международным стандартам и лучшим практикам, а также учитывать мнение всех заинтересованных сторон в регионе присутствия.
-  Мы учитываем вопросы сохранения пресной воды и эффективности ее использования при принятии управленческих решений и при управлении операциями.
-  Мы понимаем и оцениваем первоначальные источники своего водозабора, независимо от того, забирается вода напрямую или покупается через посредников.
-  Мы не используем воду питьевого качества для производственных целей.
-  Мы стремимся к стопроцентному приборному учету водозабора и водоотведения.
-  Мы стремимся к максимальному сокращению забора свежей воды за счет внедрения водооборотных и водосберегающих технологий и к снижению объемов сбросов, стремимся повышать качество очистки воды для максимального повторного использования.
-  Мы наращиваем потенциал, участвуя в отраслевых ассоциациях и поддерживая международные инициативы в области водных ресурсов с целью изучения передового опыта для непрерывного совершенствования своей системы управления водными ресурсами.

Председатель Правления
АО НК «КазМунайГаз»



Айдарбаев А.С.



Симпозиум SPE

«Достижение нулевых показателей»

С 24-го по 25 сентября 2019 года в г.Нур-Султан пройдет симпозиум SPE (Общества Инженеров Нефтегазовой промышленности) «Достижение нулевых показателей» с повесткой, касающейся охраны труда, промышленной безопасности, охраны окружающей среды и социальной ответственности в Каспийском регионе. Организаторами мероприятия выступило АО НК «КазМунайГаз» (блок ОТОС) при поддержке SPE и IOGP (Международной Ассоциации нефти и газа). Ожидается, что участие в форуме примут все крупные игроки нефтегазовой отрасли.

Вопросы охраны труда, техники безопасности, охраны окружающей среды (ОТ, ТБ и ООС) и социально-экологической ответственности играют важнейшую роль в развитии современных корпораций. Управление ОТ, ТБ, ООС и социальной ответственностью выходит за рамки систем, процессов и областей компетенции, являясь нематериальным активом компаний, который, тем не менее, способен увеличивать стоимость активов и повышать доходность. Находиться на передовых позициях по устойчивому развитию – это не только способность предвидеть грядущие события, но также создавать жизнеспособные решения для будущего.

КМГ принимая на себя обязательства по организации и проведению данного симпозиума, ярко демонстрирует, что является надежным партнером в Каспийском регионе; крупнейшей нефтегазовой корпорацией Казахстана с долгосрочным видением, ориентированным на передовой опыт.

Симпозиум станет диалоговой площадкой для обмена опытом, лучшими практиками, современными подходами и инновациями в области ОТ, ТБ и ООС между национальными нефтегазовыми компаниями Прикаспийского региона; местом встречи представителей региональных и мировых экспертов и специалистов-практиков из секторов разведки и добычи, переработки, транспортировки и сбыта. **MI**

«Зеленый офис» для КМГ

Национальная компания «КазМунайГаз» объявила о присоединении к международной экологической инициативе «Зеленый офис», а также об участии в одноименном республиканском конкурсе. Национальный нефтегазовый оператор поддержал всемирную акцию в соответствии с принятыми группой компаний международными инициативами – членством в Глобальном договоре ООН, Глобальной инициативе отчетности GRI, Климатической программе CDP.



Ринат ХАСАНОВ

Экологический офис – комплексный подход, включающий в себя как технические, так и мотивационно-образовательные мероприятия, направленные на внедрение внутренней экологической политики и бережного обращения с ресурсами офиса.

Иными словами, современный, «продвинутый» офис – это целая философия, которая начинается с правильного планирования офисных пространств с внедрением передовых и экономичных технологий освещения, отопления, использованием «бесбумажных» программ документооборота и раздельного сбора отходов до экономии электроэнергии, воды и тепла на бытовом уровне.

Согласно международной практике, от внедрения экологических требований компании только выигрывают, ведь существенная экономия ресурсов будет по достоинству оценена акционерами и инвесторами, а улучшение условий труда сотрудников создаст комфортный микроклимат на рабочих местах, что с большой долей вероятности положительно скажется на производительности.

«Пионером» проекта «Зеленый офис» в группе компаний КМГ станет головная компания АО НК «КазМунайГаз», а следом, используя опыт материнской компании, «подключатся» дочерние предприятия.

На совещании, состоявшемся недавно по инициативе блока охраны труда и окружающей среды КМГ, было принято решение об участии КМГ в Республиканском конкурсе «Зеленый офис» и принятии в этой связи комплексной программы перехода к внедрению экологических требований в офисах АО НК «КазМунайГаз».

Помимо самых очевидных действий, таких, как закуп специальных боксов для раздельного сбора мусора, установка датчиков света, создания отдельных кофе-румов (позволяющих избавиться от чайников и микроволновок на рабочих местах) планируется создание информационных материалов, мотивирующих сотрудников своевременно отключать компьютеры и оргтехнику, использовать «настоящую» посуду, экономить бумагу и т.д. Рассматривались и «предложения снизу» – к примеру, предложенная департаментом правового обеспечения КМГ идея на торжества и дни рождения дарить друг другу комнатные растения для офиса.

Одним из важных пунктов программы «Зеленый офис» станет проведение энергоаудита. Соответствующие департаменты компании произведут закуп исключительно эффективных источников света – светодиодов или люминесцентных ламп, оснащенных электронной пускорегулирующей аппаратурой. В офисах КМГ будут установлены системы автоматического контроля освещения (фотореле, датчики

движения). Согласно требованиям «Зеленого офиса», для рабочих помещений КМГ будет приобретаться только техника энергосберегающего класса «A+++» и класса «Energy».

С целью экономии потребления тепловой энергии КМГ берет на себя обязательство проведения регулярных работ по утеплению помещений и установке ручных или автоматических систем регулирования потребления тепловой энергии.

В числе мероприятий – проведение инвентаризации приборов учета воды и счетчиков там, где они ранее не были предусмотрены, а также установка водосберегающих насадок на краны.

На совещании говорилось и о необходимости минимизации объемов печати, расширении использования электронного документооборота внутри группы компаний; использования проекторов, планшетов, персональных ноутбуков для отображения повесток дня и презентаций.

В целях де бюрократизации и сокращения объема печати было предложено внести изменения в регламент по делопроизводству, правила о служебных командировках и другие документы, что позволит избежать затрат бумаги при печати приложений для исходящих писем, отчетов по командировкам; использовать официальные электронные адреса канцелярии КМГ, дочерних и совместных предприятий для рассылок входящих и исходящих писем.

Изменения в рамках выполнения требований «Зеленого офиса» коснутся строительства и

ремонтных, при производстве которых предусматривается приобретать экологичные стройматериалы. Программа предусматривает также использование возобновляемых источников электроэнергии – ветряной и солнечной.

Принтеры и ксероксы в обновленных офисах КМГ будут устанавливаться исключительно в коридорах – во избежание аллергических реакций от распыления микрочастиц краски, а для кабинетов приобретены ионизаторы и увлажнители воздуха, растения – фитонциды.

Программа призывает сотрудников КМГ по возможности пользоваться экологичными видами транспорта. С этой целью компания готова предложить сотрудникам корпоративные велосипеды и оборудовать специальные стоянки для них.

Участники совещания особо отметили, что предложенные меры должны поддержать, прежде всего, члены коллектива компании. Сделать сотрудников самой важной частью проекта «Зеленый офис», всячески поддерживая, в числе прочего, экологические инициативы и новшества, идущие «снизу» – важнейшая задача первого этапа программы. Компания планирует регулярно информировать сотрудников обо всех «зеленых» нововведениях, которые будут внедрять администрация. Разъяснительная работа будет вестись также с помощью наглядной агитации, специальных рубрик на сайте КМГ и в корпоративном издании «Munaily meken». **M**

ТОО «СП «Казгермунай»: безопасность, эффективность и экономия

Анна ТИТЕНОК

ТОО «СП «Казгермунай» является сторонником соблюдения строгих правил техники безопасности, которые распространяются не только на работников Товарищества, но и относятся также к независимым компаниям, работающим в качестве подрядных организаций на производственных и административных объектах предприятия. В компании «Казгермунай» внедрена Система менеджмента качества ISO 9001: 2000, система менеджмента охраны здоровья и обеспечения безопасности труда OHSAS 18001: 2007. Сохранение жизни и здоровья работников, сохранение нулевого травматизма персонала

при исполнении трудовых обязанностей, постоянное улучшение качественных характеристик средств индивидуальной защиты – это ключевые цели, отраженные в специально разработанной и принятой стратегии.

Ежегодный медицинский профилактический осмотр работников, по результатам которого организовывается санаторно-курортное лечение, полностью покрываемое за счет работодателя; направление работников на стационарные и амбулаторные обследования, с дальнейшей диспансеризацией по месту жительства – это эффективные инструменты, применяемые ТОО «СП «КГМ» для сохранения и поддержания здоровья работников.

На особом контроле в компании находится и пожарная безопасность. Все производственные объекты и жилые корпуса Товарищества оборудованы автоматической пожарной сигнализацией, оповещением и автоматической системой пожаротушения. Охрану объектов от пожара на месторождениях предприятия осуществляет негосударственная противопожарная служба, которая несёт круглосуточное дежурство. На каждом месторождении «КГМ» имеются пожарные депо, укомплектованные пожарными автомобилями на базе КАМАЗ, оснащенные соответствующим пожарно-техническим вооружением. Весь личный состав противопожарной службы имеет специальное образование, опыт работы, обеспечен боевой одеждой и средствами индивидуальной защиты. На регулярной основе проводятся пожарно-тактические учения с рабочим персоналом Товарищества. Результатом этих учений стало успешное выступление команды ТОО «СП «Казгермунай» на конкурсе по пожарной безопасности «Пожар легче предупредить, чем потушить», прошедшем 24 мая на месторождении «Кумколь» АО «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз». Среди пятнадцати команд работники «Казгермунай» заняли почетное третье место.

С целью проведения регулярного производственного экологического контроля в ТОО «СП «Казгермунай» внедрена система экологического менеджмента ISO-14001: 2004.

С начала добычи специалисты компании разработали схему утилизации части попутного нефтяного газа посредством выработки электрической и тепловой энергии для соб-

ственных нужд нефтепромысла, что стало большим вкладом в сферу охраны окружающей среды Кызылординского региона. Корпоративная политика Товарищества направлена на поэтапное снижение и минимизацию техногенного и антропогенного влияния производственной деятельности на окружающую среду месторождений. В рамках реализации экологической политики компанией было построено и введено в эксплуатацию два блока подготовки газа – УПГ-1 и УПГ-2.

ТОО «СП «Казгермунай» стало победителем Республиканского конкурса социальной ответственности бизнеса «Парыз» в номинации «За вклад в экологию».

ТОО «СП «Казгермунай» стало региональным лидером и по внедрению энергосберегающих технологий. В 2013 и 2016 годах на предприятии провели энергетические аудиты с привлечением квалифицированных экспертов в области энергетических аудитов, энергетического менеджмента и энергоэкономического анализа ТОО «Energy Partner». А в 2015 году предприятие внедрило систему Энергоменеджмента ISO 50001. Практически все насосное оборудование оснащено ЧРП, произведена замена ламп и светильников на светодиодные лампы и светильники. Был произведен перевод котельной (дизельное топливо) на сжиженный углеводородный газ (СУВГ) в головном офисе г. Кызылорда.

В комплекс природозащитных мероприятий входит также и постоянный космический мониторинг местности, что позволяет оперативно действовать при возникновении угроз целостности окружающей среды. **M**



АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕР

«Алтын ережелер» – бұл өндірістік тәуекелдердің алдын алуға арналған қарапайым, баршаға түсінікті және сенімді тәсіл. Бұл ережелерді ҚМГ барлық қызметкерлері және мердігерлері сақтауға міндетті. Табысты болуды көздеген компания өз қызметкерлеріне сенім артуы және осы қарапайым ережелерді сақтауы тиіс. «Алтын ережелерді» сақтау – ең маңызды болып табылатын адам өмірін сақтау.

Біздің қызметкерлер, басшылық, менеджерлеріміз, сондай-ақ супервайзерлер және мердігерлер осы мәселеде жауапкершілік білдіріп, осы ережелерді сақтайтынына сенемін. Қызметкерлердің қауіпсіздігі аса маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді.

Сондықтан, осы мәселедегі компания саясаты қарапайым: «Егер сіз Алтын Ережелерді сақтамасаңыз – сіздің ҚМГ-да жұмыс істеуден бас тартқаныңызды білдіреді».

Алик Айдарбаев,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы



Жұмысқа дайын болу

«ҚазМұнайГаз» компаниясының негізгі қағидаларының бірі жұмыс орындарында салауатты өмір салтын ұстану, сондай-ақ қызметкерлердің денсаулығына өндірістік жұмыстардан қандай да бір кері зардаптарды болдырмауды қамтамасыз ету.

1



Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік

Көлік құралдарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік туралы ескертпені ешқашанда ұмытпаңыз. Жүргізуші рейс алдында көлік құралын техникалық тексерістен өткізеді. Жолаушылар саны мен тасымалданатын жүктің сипатын ескереді. Көлік құралдарын басқару кезінде ұялы байланыс құралдарын пайдалануға, жылдамдықты асыруға тыйым салынады.

2



Қауіптілігі жоғары жұмыстарға наряд-рұқсат

Қауіптілігі жоғары жұмыстар тек қолданыстағы наряд-рұқсаттармен ғана жүргізілуі тиіс. Наряд-рұқсат сіздің қауіпсіздігіңіз үшін қажетті іс-әрекеттерді сипаттайды. Барлық қызметкерлер наряд-рұқсат мазмұнын түсінуге және олардың талаптарын орындауға міндетті.

3



Энергия көздерін оқшаулау

Энергия көздерінің кез келген түрлерінің (электрлік, термикалық, гидравликалық, пневматикалық, механикалық т.с.с.) әсерлерінде тұратын жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу алдында барлық энергия көздерінің оқшауландырылғандығына көз жеткізіп, міндетті түрде жеке қорғаныс құралдары мен қорғаушы жабдықтарды пайдалану қажет.

4



Тұйық кеңістікте жұмыс жасау

Тұйық кеңістік – бұл барлық жағынан тұйықталған, кіруі мен шығуы қиындатылған немесе шектелген және олар арқылы жылдам өтуге кедергі бар орындар. Мәселен: резервуар, сыйымдылықтар немесе құбыр желілері. Тұйық кеңістікте жарылысқа қауіпті, улы газ немесе басқа да қауіпті заттар, сүріну және құлау қауіптерін күшейтетін заттар кездеседі, оттегінің мөлді аз деңгейде болуы ықтимал. Тұйық кеңістікте өндірістік жұмыстарды бастар алдында наряд-рұқсатты рәсімдеу қажет.

5



Биіктікте жұмыс жасау

Биіктікте жұмыс жасау кезінде құлап кетуден қорғау үшін тиісті шараларды қабылдау қажет. Қауіпсіздік мақсаттары ретінде 1,3 метрден артық биіктіктен құлап кету қауіпі бар, қорғалған аумақтардан тыс жерде жұмыс жүргізу кезінде құлаудан қорғайтын қорғаныс құралдарын пайдаланыңыз. Қорғалатын аумақтарға құрылыс ағаштары, таянышты сатылар мен бесікшелі көтергіштер кіреді.

6



Қозғалатын және қысым үстіндегі жабдықтар

Қызметкерлер қозғалатын және қысым үстіндегі жабдықтардан қауіпсіз ара қашықтықта тұрулары қажет. «Қауіпті аумақта» жұмыс жүргізу, қысым үстіндегі жабдықтардың (мәселен, айналып тұратын механизмдер, қысым үстінде жұмыс жасайтын жабдықтар немесе электрлік құралдар) немесе қозғалатын жабдықтардың (мәселен, крандар мен басқа да көлік құралдары) қасында болу қауіпті болып табылады.

7



Жүк көтеру жұмыстары

Крандар, жүкшығарлар, механикалық көтергіш қондырғылар, жүкті қармаушы тетіктерді қолданатын жүк көтергіштер жарақат алуға қауіпті жабдықтар болып табылады.

8

Өзен кенорнындағы Ізбасар қолтаңбасы


Қазақтың классик жазушысы Әбіш Кекілбай «ұйқыдағы ару» деп айдар таққан Маңғыстауға алғаш түрен салушылар қатарында 1941 жылдың 16 наурызында Түрікменстан республикасы Небит-Даг қаласында дүниеге келген марқұм Ізбасар Құлжұмыров та бар болатын.

Мектеп қабырғасында аяулы анасының дүниеден озуы – бала Ізбасардың ерте есеюіне түрткі болды. Ағасы Боранбайдың қолында өсіп, әскер қатарында жүргенде әкесі Тұрғанбай өмірден өтеді. Қарапайым отбасында тәрбиеленген Ізбасар әскери борышын өтеген соң, 1963 жылдың аяғында атамекені, киелі де қасиетті Маңғыстауға ат басын бұрады. Болашақта аты аңызға айналатын Өзен кенорнындағы алғашқы еңбек жолын жас жігіт Өзен геологиялық барлау-бұрғылау экспедициясында бұрғышы-дизелист болып бастайды. Жас жігіт алдағы уақытта өзіне білім қажет екендігін жақсы түсініп, Уфа қаласындағы политехникалық институтқа түседі. Отбасы жағдайына байланысты, аталған оқу орнынан Атырау мұнай техникумына ауысуға мәжбүр болады. Оқуын 1968-1969 жылдары тәмамдап, «Жетібай геофизика» мекемесіне жұмысқа тұрады. 1970 жылы Ізбасар Маңғыстауда туып-өскен Ақбілектей ару қызбен көңіл жарастырып, жұптасып, отбасын құрады. Жан-жары сан

жылдар бойы медицина саласында жемісті еңбек етіп, медицина саласының еңбегі сіңген қызметкері атанды. Тату-тәтті отбасында үш қыз тәрбиеленіп шықты. Ерлі-зайыптылар балаларының үшеуіне де заман талабына сай білім алып берді. Бүгінде білімді жандар мұнай саласында абыройлы еңбек етіп, әке жолын жалғастырып жүр.

Ізбасар Құлжұмыровтың мұнай саласында еткен 50 жыл өнегелі еңбегі айырықша маңызға ие. Түбектің, соның ішінде қазыналы Өзеннің игерілуі – Ізбасардың көз алдында өтті. Ерен еңбегінің арқасында елге танылды. Саланың білікті маманы, өндіріс сардары атанды. Табиғаты қатал, сақылдаған сары аяз қыста, ми қайнатар ыстық жазда жүріп, жұмыс жасаған мұнайшының еңбегі зор. Ол кезде көлік тапшы. Ұңғыма басында тұрған бригадаларға күннің ыстық-суығына қарамастан жаяу барып, тапсырмалар берілетін-ді.

Қайратты жан өндірістегі қиындықтарға төзді, қайратымен жеңе білді.



Небір кезеңдерді басынан өткізген Өзен кенорнымен бірге тыныстаған Ізбасар Құлжұмыров кенорынның дамуына үлес қосып, өндіріске келген жас мамандарға тәжірибесін үйретіп отырды. №1 Шыңырауларды жерасты жөндеу цехында оператор, шебер болып жұмыс

жасаған кезінде Ізбасар Құлжұмыровтың тапсырылған істі дер кезінде тиянақты атқаруының арқасында бригада бірнеше мәрте одақтық, аймақтық жарыстардың жеңімпазы болып, «Үздік бригада» атағына ие болды. Еңбекқор жан 1982-1987 жылдары жыл сайын Мәскеуде өткізілетін мұнайшылардың «Өндіріс озаттары» деп аталатын слетіне үзбей қатысып тұрды. Өзен кенорнын игерушілердің алғашқы легінде бола жүріп, Ізбасар аға қиындыққа жасымай, табыс келсе, тасымай, қарапайымдылығымен жастарға үлгі бола білді. Талай жас қыз-жігіттерді мұнай саласының қыр-сырына үйретіп, білікті маман дайындауға да зор үлес қосты. «Қара алтын» өндірумен мұнайшылар ел қазынасын молайтып, қалалар салынып, ел экономикасы дамып, ілгерілеп жатса, осы салада жарты ғасыр ерен еңбек еткен Тұрғанбайұлы Ізбасардың үлесі бар. Ел ырысын еселеудегі Ізбасар Құлжұмыровтың адал еңбегі үкімет тарапынан әділ бағасын алып, бірнеше марапаттарға ие болды. Әрбір берілген марапатта Ізбасар ағамыздың табан ақы, маңдай тері, адал еңбегі бар.

«Ер еңбегін елі ұмытпақ емес!» Ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен Ізбасар ағамыздың «жатқан жері жұмақтың төрі болып, жасаған жақсылығы алдынан шығып, пейіш нұрымен нұрлансын» – деп дұға етеміз. **М**

Қос мерекеге дайындық мығым

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен «Қаламқас» кенорнының 40 жылдығын барлық сән-салтанатымен қарсы алуға қызу дайындалып жатыр. Мереке қарсаңында компания бас директорының әлеуметтік-әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары Жетібай Төлегөжаевпен жүздесіп, сұхбаттасқан едік.

– Жетібай Қуанайұлы, биыл тойланатын мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесі несімен ерекшеленеді, мұнайшылар мен қала тұрғындары не күтеді?

– Ерекшелігі сол, биылғы мереке Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен «Қаламқас» кенорнының 40 жылдық мерейтойларымен тұспа-тұс келіп отыр. Қарашүңгіл мұнай кен орнынан бастау алған республикалық мұнайгаз өнеркәсібінің ғасырдан астам ұзақ жолдық тарихы бар. Мұнайшылар мерейі асқақтаған төл мерекеге Маңғыстаудан бөлек, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар, Түркістан облыстары жұмылдырылған. Республика көлемінде тойланатын мерекелік шара 29-шы тамызда Қызылорда қаласынан бастау алады. Одан кейін Жаңаөзен, Ақтау қалаларында тойланып, Атырауда қорытындыланады деп күтілуде.

Енді «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бойынша өтетін мерекелік шара туралы айтар болсам, 31 тамызда «Абай» атындағы мәдени-демалыс кешенінде салтанатты жиналыстан бастау алады. Салтанатты жиында Қазақ мұнайының 120 жылдығы мен «Қаламқас» кенорнының 40 жылдық тарихы парақталып, өндіріс жетістіктері сараланбақ. Кен игерушілер еңбегі екшеліп, мұнайшы-ардагерлер мен еңбек озаттарына марапат-сыйлар ұсынылады. Мұнан соң, даңқты мұнайшы Сафи Өтебаевтың 110 жылдығына орай «Маңғыстаумұнайгаз» бас ғимараты алдындағы ескерткішке гүл шоқтары қойылып, Мұнай Абызы туралы жаңа кітаптың тұсауы кесіледі, митинг ұйымдастырылады. Келген қонақтарға қонақ асы беріліп, сол күні кешкісін теңіз жағалауында қала тұрғындары үшін ауқымды гала-концерт қойылады. Амфитеатр сахнасында қазақ эстрадасының жұлдыздары өнер көрсетеді деп күтілуде. Той қызығын

тамашалауға жиналған көрермен назарына мерекелік отшашу мен жастар би кеші де ұйымдастырылады.

– Жетібай Қуанайұлы, мерекелік шара тек бір күнмен шектелмейтін болар?

– Әрине. Осыдан бір жыл бұрын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігі мен компаниядағы құрылымдық бөлімше басшыларының одағын қосқан жиналыс болып, осы мәселе көтерілді. Шараны өз дәрежесінде өткізу жоспарланды. Биыл жыл басында мерекелік іс-шаралар жоспары бекітіліп, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына, тиісті бөлімдерге нақты тапсырмалар берілді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің сенбілік кәсіптік одағын қосқан жиналыс мен Жас мамандар кеңесінің атсалысуымен бірлесіп жасақталған бағдарламада – «Өлкетану» акциясы аясында тарихи-мәдени орындарға саяхат, Қазақстан мұнайының тарихына орайластырылған брейн-ринг, «Қаламқас кештері» шығармашылық кеші, «Сәттілік формуласы» мен мереке аясында танымдық мақсатта Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдық мерей тойына арналған жас ақындардың облыстық ашық жыр мұшайрасы, спорттық шаралар, «Донор-2019» акциясы, Қаламқас пен Асар кенорындарына сенбілік ұйымдастыру, «Қартқа құрмет – жасқа міндет» қайырымдылық акциясы, «Мұнай тарихы – жас суретшінің көзімен» атты мұнайшы балаларының сурет салу байқауы, Маңғыстау мұнайшыларының «Өз өлкеңді таны» экспедициясы, 120 түп желек отырғызу, «Start Up» жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған ашық есік күнін өткізу секілді түрлі шаралар көзделген.

Жыл басталғалы мерекені ақпараттық қолдау мақсатында «Munaily meken», «Мұнайлы өлке» корпоративтік газеттерінде Қаламқас кенорнының ашылуына үлес қосқан ардагер мұнайшылар Әділ Нұрманов, Кенжеғали Назаралиев, тұңғыш басшы Бекболат Ізтұрғанұлы, алғашқы жастар бригадасының жетекшісі Оспан Еңсегенов туралы тарихи шежірелік материалдар жарық көрсе, «Еңбегімен ел ырысын еселегендер» атты арнаулы айдармен

қаламқастық мұнайшылар: токарь Жолдасбай Шапағатов, лаборант Набат Қайнарлова және операторлар Рысбай Өтепбергенов пен Мұхаметжан Нұрғазы туралы арнайы танымдық телехабарлар жасалып, ішкі коммуникациялық жүйелер арқылы мұнайшылар назарына ұсынылды. Жоспар бойынша енді облыстық телеарнадан көрсету үшін Қаламқастың 40 жылдығына арналған арнаулы деректі фильм, арнайы хабар жасалады.

Қос мерекеге орайластырылған шара – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Әкем, анам және мен» жанұялық спорттық сайысы өтті.

Сондай-ақ, біздің мұнайшыларымыз тұратын Маңғыстау ауданына қарасты Қызыл елді мекеніндегі спорт орталығына бір миллион жарымның спорттық құрал-жабдықтарын тарту етті. Спорт мектебіндегі екі топқа футбол, бір топқа волейбол ойыншысының киімдерін, түрлі тренажерлар, зілтемірлермен қоса бірнеше сапалы ойын доптарын сыйлады. Сондай-ақ қаламқастық мұнайшы футбол командасы ауыл жастарымен жолдастық кездесу өткізді.

Облыс халқы алдында компанияның әлеуметтік жауапкершілігі бар. Компания өлкеміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау, қорғау шараларына белсенді атсалысып келеді. Сисем Ата, Қызылқала ескерткіштеріне сенбіліктер жалғаса береді. Биыл қосымша Қараман Ата жерасты мешітін қамқорлыққа алдық. Ескерткішке Бекі елді мекенінен грейдер жол, Аққар топтық қондырғысынан электр желісі тартылады. Түнеухана құрылысын бастаймыз. Сондай-ақ ел азаматтары бастама-сымен Әбіш Кекілбаевтың туған ауылы Оңдыда салынып жатқан мешіт құрылысына 10 млн. теңге қаражат аударылды.

Компания ішілік шараға келетін болсам, Жеңіс мерекесіне орай екінші дүниежүзілік соғысының ардагерлері – Қамқа Үмбеталина мен Қайыр Қыдырбаевқа қайырымдылық көмек көрсетілді. Жазғы демалыс кезеңіне орай «Алау» балаларды сауықтыру орталығында Қарақия, Маңғыстау, Мұнайлы аудандарының 130 аз қамтылған отбасы балаларына демалады. Арыс қаласындағы апаттық жағдайға байланысты 100 арыстық балдырған «Алау» лагеріне жолдама алды.



Жалпы, біздің компанияда Қазақстан мұнайының 120 жылдық мерейтойы мен Қаламқас кенорнының 40 жылдығын атап өту 26 тамыз кенорнында басталады. Өндіріс басындағы мұнайшылар үшін 26 тамыз күні «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында, 28 тамыз Қаламқас кенорнында да мерекеленеді.

– Әр мерекенің артында жақсы іс қалу – дәстүр. Бұл жолы көптің игілігіне асар қандай жұмыстар жасалуда?

– Бүгінгі таңда дайындық шаралары басталып кетті. Қаламқас кенорындарында ішкі жолдар, әлеуметтік нысандарды жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. №66 ұңғы жанындағы алғаш мұнай ашушылар стелласы жаңартылып, №28 жатақхана, №2 асхана күрделі жөндеуден өтіп, қолданысқа берілді. «Еңбек даңқы» мұражайына жөндеу жүргізіліп, кенорнындағы өндіріс нысандарының сырты жаңартылуда. Алда – №3 асхананың күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Асханалардың жиһаздары, тұрмыстық техникалары толықтай жаңартылды. Асар кенорнында 50 орындық жаңа жатақхананың құрылысы басталды.

– Мереке қарсаңында оқырмандарға айтар тілегіңіз?

– Өндірісті өлкеміздің тарихи мерекесін жұдырықтай жұмылып, ұйымшылдығымызды танытып, ойдағыдай өткізейік, әріптестер! Елдің басын біріктіріп, өскелең ұрпақты отан-сүйгіштікке тәрбиелейтін осындай мерекелер көбейе берсін, еңбек етейік! Еліміз аман болсын! Еліміздің ырыс-несібесі молайып, қазынасы арта берсін!

– Сұхбатыңызға рахмет, мерекелі күнді көптен бірге асыға күтетін боламыз! М

«Тиімді шешімдерге, жаңа идеяларға әрдайым әзірміз»

Цифрландыру, күнделікті қызметке қазіргі заманның озық технологияларын енгізу. «Мұнайтелеком» компаниясы 18 шілдеде Ақтау қаласында өткізген «Ақпарат күнінде» сөз болған басты тақырып осы болды.

Айзада МҰХТАП

Арнайы техниканы, жалпы құрал-жабдықты тиімді қолдану мәселесінде отандық «Ембімұнайгаз», ресейлік «Татнефть» сияқты жетекші компаниялардың іс-қимылына көңіл бөлінуде екен. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен өңірдің жер қойнауын пайдаланушылардың арасында тәжірибе алмасу да еш өзектілігін жоймақ емес.

«Анығы, тың да тиімді шешімдерге, жаңа идеяларға әрдайым әзірміз», – деген Ербол Мұқашев әріптестеріне еселі еңбектері үшін зор алғысын білдіріп, кәсіптеріне жеміс тіледі.

Кездесу барысында «ҚМГ-Инжиниринг», «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «Емир-Ойл», «BUZACHN OPERATING LTD», «Ойл Транспорт Корпорейшэн», «Oil Services Company», «Oil Construction Company», «Маңғыстауэнергомұнай», «ТұлпарМұнайСервис», «Кен-құрылыс-Сервис», «Бұрғылау» және мердігер компаниялардың өкілдері ойларын ортаға салып, компанияның ұсынған қызметтерін талқылауға қатысты.

«Біз техникалық супервайзинг қызметтерін көрсететін боламыз. Бұл тапсырыс берушіге ұңғыма ішіндегі жөндеу жұмыстарына жұмсалатын уақытты оңтайландырып, қолданыстағы ұңғымалардың мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға, тиімсіз мердігерлер бри-



гадаларын анықтауға мүмкіндік береді», деді Е.Мұқашев.

«Мұнайтелеком» ЖШС қызметінің негізгі мақсаты Маңғыстау облысының экономикасын, мұнай өнеркәсібіндегі ұйымдарды тұрақты байланыспен қамту болып табылады. Телекоммуникация, өлшеу құралдары, автоматтандыру-телемеханика және көлік құралдарын жерсеріктік қашықтықтан басқаруды қамтамасыз ету, бейнебақылау, өрт-құзет дабылы, метрология, стационарлық және жылжымалы радиобайланыс, кабельдік телевидение, өнеркәсіптік жабдықтарды орнату саласындағы жетекші кәсіпорындардың бірі.

Жоғары білікті кадрлық әлеуетке, технологиялық қуатқа ие. Ақтау қаласына, «Қаламқас», «Жетібай», «Асар», «Қаражанбас» және «Өзен» кен орындарына қызмет көрсетіп, бірыңғай ақпараттық кеңістікке біріктіруде.

Сондай-ақ, шара аясында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директорлары

А.Нұрсейітов пен А.Шаненова жаңа спорт залының ашылу салтанатына қатысып, лентасын қиды.

«Біз елді мекендердің, адамдардың өзара байланысының маңыздылығын жақсы түсінеміз. Бұл тұста әлемдік үрдістерді бақылап, ең жақсысын мұнай және газ өндірісіне енгіземіз. Нәтижесінде өнім сапасы артып, жұмыс жетіледі, еңбек ету жағдайы жақсарады. Бүгін жарияланған ақпарат баршаңызға пайдалы болды деп ойлаймын. Бірге өсіп, өрлейік!», – деп қорытындылады телекоммуникациялық оператор жетекшісі.

Түбек өмірінде жарты ғасырдан астам бай тарихы қалыптасқан «Мұнайтелеком» ЖШС бизнесті дамытудан басқа, өзінің білімі мен күш-жігерін, қабілетін кәсіпорынның гүлденуіне жұмсай алатын жас мамандарды биік белестерді бағындыруға тартуда. Ал, бұл еліміздегі Жастар жылында айрықша маңызды екені аян. **М**



Үздік көлік жүргізушілер анықталды



«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің Маңғыстау техникалық көлік басқармасы аумағында автокөлік жүргізушілері арасында «Үздік маман-2019» дәстүрлі кәсіби шеберлік байқауы өтті. Бұл сайыс жұмысшылардың шеберлігін шыңдауға көмектесетіні белгілі. Жұмыстың қыр-сырын меңгере және тәжірибелерімен бөлісе отырып, жұмысшылар өндірістің тиімділігін арттыруға, біліктілікті жетілдіруге, өз кәсібіне зор жауапкершілікпен қарауға және бар күш-жігерін жұмсауға ықпал етеді.

Арнайы көлік тізгінін ұстаған мамандар жайлы қысқаша мәлімет айта кететін болсақ, көлік жүргізуші маманы күрделі көліктің – автобустың құрылымын және аспаптарын өте жақсы деңгейде білуі қажет. Сонымен қатар,

қауіпсіз көлік жүргізу техникасын, физика, механика, өмір қауіпсіздігінің негіздерін білуі шарт. Арнайы көлікті тізгіндеген мамандарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Сақтықты сұңқардай үйренген көлік жүргізушілері

жолаушылардың өмірін бірінші орынға қояды. Сондықтан арнайы көлік жүргізу екінің бірінің қолынан келе беретін оңай – оспақ іс емес.

Серіктестіктің бас директоры Серік Кеулімжаев байқау қызметкерлердің шеберлікті жетілдіруге, шыңдай түсуге, қызығушылықты күшейтуге көмектесетін айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Осындай шараның маңыздылығын «ОТК» ЖШС «Қызметкерлердің жершілдікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы Марат Теміргасов өз сөзінде айтып өтті. «Бірнеше жыл қатарынан өткізіліп келе жатырған байқау қызметкерлердің жұмысқа деген жауапкершілігін арттырып, белсенділігін күшейтеді», – деді.

Жыл сайын жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі сайысқа мекеме ішінен 8 қызметкер қатысып, сайыстың бағдарламасымен танысты. Бұл жолы сайыс екі кезеңнен құралды. Бірінші кезең теориялық тесттен тұрса, екінші кезең тәжірибелік сайыспен аяқталды. Бағдарлама бойынша қатысушылар медициналық тескерістен өтіп, сайыс ұйымдастырылып отырған аумақтағы тұлғаларға еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, жол қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқама жүргізілгеннен кейін қатысушылар теориялық тесті тапсыру кезеңіне кірісіп кетті. Жеребе тастау әдісімен практикалық тапсырма өтушілердің кезектері белгілі болды. Комиссия мүшелері ережелердің сақталуын мен талаптардың орындалуын мұқият қадағалап отырды. Бұл

кезең қызықты да тартысты өтті. Себебі не бір қиын бөгеттерден өту үшін әрі белгіленген уақытта аяқтау үшін қатысушылар біраз тер төкті. Барша қатысушылар үлкен ынта жігер көрсетіп, жауапкершілікті ақтап шықты.

Комиссия мүшелері тәжірибелік тапсырмаларды орындау сапасы мен теориялық дайындығын бағалап, үздік көлік жүргізушісін анықтады. Байқау нәтижесінде: тәжірибелі әріптестерін озып шыққан МТКБ №2 автотізбек жүргізушісі Ислам Құлынтаев бас жүлдеге ие болды. II орынға МТКБ №2 автотізбек Дастан Қабиев қол жеткізсе, жүлделі III орынға МТКБ №2 автотізбек жүргізушісі Айдын Тайлақов ие болды.

Серіктестіктің үздік көлік жүргізушісі, сайыс жеңімпазы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Үздік маман-2019» байқауының финалдық кезеңіне қатысады. **М**



Хакатон в нефтяной столице Татарстана



В период с 9 по 15 июля 2019 года в г. Альметьевск Республики Татарстан прошел первый Международный нефтегазовый молодежный форум, организованный при поддержке Министерства энергетики Российской Федерации. В форуме приняли участие молодые специалисты Группы компаний «КазМунайГаз».

Рэмур НИГМАТУЛИН

Уютная база отдыха «Юность» компании «Татнефть» близ нефтяной столицы Татарстана – города Альметьевска – стала прекрасной площадкой для ярких мероприятий Первого Международного нефтегазового молодежного форума, проводимого в формате ставшего ультрамодным хакатона. Хакатон (англ. hackathon, от hack (хакер) и marathon – марафон) – форум разработчиков, во время которого специалисты из разных областей разработки программного обеспечения (программисты, дизайнеры, менеджеры) сообща работают над решением какой-либо проблемы. Конечно же, сегодня хакатоны уже не относятся к хакерству, это просто форма решения различных производственных проблем в режиме командообразования. Его организаторами выступили Минэнерго РФ, компания «Татнефть» и Молодежный совет нефтегазовой отрасли при Минэнерго РФ. В церемонии открытия приняли участие координатор проектов Минэнерго РФ Гульнара Ариффулина, представитель исполкома АМР Тимур Нагуманов, начальник управления по работе с персоналом компании «Татнефть» Андрей Глазков, директор международных программ Национального фонда подготовки кадров Наргис Валамат-Заде и другие. В Альметьевске съехались отраслевые эксперты, молодые специалисты, ученые, преподаватели, аспиранты, магистры и студенты ведущих нефтегазовых вузов ТЭК России, Казахстана, Туркменистана, Узбекистана и Беларуси. Пробыться на форум было нелегко: нужно было пройти серьезный отбор, выполнить сложнейшие конкурсные задания, которые состояли из тестирования и видеопрезентаций. «Заявки на участие подали более 500 человек, участниками же стали 250 конкурсантов. Потому те, кто вошел в число приглашенных – уже победители», отметил, приветствуя собравшихся, Андрей Глазков.

Лучшими из лучших стали активисты Советов молодых специалистов группы компаний АО НК «КазМунайГаз» Дамели Измагамбетова, Асель Сабирова, Кайрат Тусупов, Багдаулет Махамдин (АО НК «КазМунайГаз»); Азамат Аманов, Мадина Таубасова, Улан Жумадилов, Данияр Кусманов (ТОО «КМГ-Инжиниринг»), Алтынбек Асанов, Исламбек Муканов, Бекзат Жайлаубай (АО «Каражанбасмунай»), которые прошли сложный двухуровневый отбор и завоевали право на участие в форуме.

Главным мероприятием молодежного форума стала уникальная образовательная программа в формате хакатона «Hackathon Oil TATNEFT Challenge», которая состояла из интенсивного обучения по индивидуальным трекам и ха-

тона «HOT Challenge 2019». В формате блиц-хакатонов 250 участников – молодых специалистов, ученых, преподавателей, аспирантов, магистров и студентов ведущих нефтегазовых ВУЗов (направления «Нефтегазовое дело» и «Информационные технологии») в возрасте от 18 до 35 лет решали реальные бизнес-задачи, стоящие перед ведущими нефтегазовыми компаниями России и ближнего зарубежья.

Среди ключевых тем Международного молодежного нефтегазового форума было выделено пять основных направлений, часть из которых – к примеру, о рациональном недропользовании в условиях зрелых месторождений, о трудно-извлекаемых запасах, о цифровой трансформации нефтегазодобывающей отрасли – остро актуальные для развития производственной сферы «нефтянки» Казахстана.

Программа получилась насыщенной и интенсивной, предусматривала мастер-классы ведущих экспертов нефтегазовой отрасли России, деловые игры, проектирование и решение реальных кейсов от ведущих нефтегазовых компаний ТЭК РФ. Особое внимание было уделено развитию компетенций soft-skills (лидерство и командообразование, эффективная коммуникация, ориентация на результат, принципы Agile, методика Scrum, проектное управление, Data Science).

Участники от КМГ достойно представили Казахстан, завоевав сразу несколько наград, имевших и денежный эквивалент. Так, старший инженер-геолог департамента развития ресурсной базы АО НК «КазМунайГаз» Дамели Измагамбетова и ведущий инженер департамента региональной геологии Данияр Кусманов, показав свои лучшие профессиональные и лидерские качества, за индивидуальные

достижения были награждены сертификатами в размере 20 000 рублей. Еще один из наших участников получил рекомендательное письмо от Министерства энергетики России.

Финальной частью Международного нефтегазового молодежного форума стало награждение победителей хакатона. Международная команда, в состав которой входила инженер департамента добычи нефти и газа Асель Сабирова, заняла 2 место и была награждена сертификатом на сумму 300 000 рублей. Еще одна команда хакатона, в которой успешно действовал инженер по проекту АО «Каражанбасмунай» Бекзат Жайлаубаев, заняла 3 место и была награждена сертификатом в размере 180 000 рублей.

Дамели Измагамбетова, участница форума от КМГ, говорит – такому не обучают в вузах, этого нет в должностных инструкциях, и это, уверяет она – абсолютно новый стиль работы и уникальный опыт: «Участие в форуме такого масштаба было очень полезным. Национальный фонд подготовки кадров РФ разработал для нас, участников форума, специальную образовательную программу. Она состояла из интенсивного обучения по индивидуальным трекам и самого хакатона. Я впервые была в Татарстане, получила прекрасные впечатления и массу новых знаний для дальнейшего продвижения в своей профессиональной деятельности. Хотелось бы выразить огромную благодарность организаторам форума за проделанную работу, а нашей компании за возможность поездки и обмена знаниями с коллегами из других стран. Это была огромная площадка для нетворкинга».

Асель Сабирова, инженер департамента добычи нефти и газа АО НК «КазМунайГаз»:

«Общение с руководителями, от лидеров отрасли, интенсивное обучение, деловые игры, проектирование и поиск решений для реальных задач ТЭК России – бесценны! Мы все разные, приехали из разных стран, представляем разные компании, но это нам нисколько не мешало действовать как единое целое на интеллектуальных тренингах. За победу боролись 42 международных команды, в состав каждой вошли преподаватели и учащиеся вузов нефтегазового и IT направлений, а также молодые специалисты. Хочется добавить, что разработанный мной и моей командой проект získал положительные отзывы экспертов, в том числе генерального директора ПАО «Татнефть» Наиля Маганова».

Особое внимание на Форуме было уделено развитию компетенций soft-skills. Этот комплекс гуманитарных навыков сегодня часто выходит на первое место по сравнению с узкими тех-

ническими умениями (hard skills). К soft-skills относят навыки по коммуникациям, работе в команде, управлению временем, продвижению результатов труда, менеджменту, лидерству, способности к личному развитию, адаптивности. Именно владение soft-skills в сочетании с hard skills ведет к успеху.

В рамках форума 12 июля прошел Нефтяной саммит руководства нефтяных компаний Республики Татарстан с участием Президента Республики Татарстан Рустама Минниханова, генерального директора ПАО Татнефть Наиля Маганова и вице-министра Минэнерго Павла Сорокина.

Данияр Кусманов, представитель главной научно-производственной компании – КМГ-Инжиниринг, рад тому, что смог проявить себя перед серьезными российскими отраслевыми экспертами:

«Форум проводился на очень высоком уровне – как в организационном плане, так и по составу участников. Наше общение с Президентом Татарстана Рустамом Нургалиевичем Миннихановым, генеральным директором Татнефти Наилем Ульфатовичем Магановым – дорогого стоит! Глава «Татнефти», кстати, очень высоко оценил подписанный недавно между Татнефтью и КМГ меморандум о взаимопонимании, лестно отозвался о руководителях АО «Самрук-Казына» и КМГ, сообщив, что рад сотрудничеству наших организаций. Нас готовили к хакатону, обучали управлению проектами, умению работать в краткосрочных командах со специалистами различных областей нефтяной отрасли и IT. Было приятно получить индивидуальные награды за личный вклад, попасть в кадровый резерв и получить рекомендательное письмо от главного энергетического ведомства РФ. Хотел бы особо отметить коллег из КМГ, КМГ-Инжиниринг и Каражанбаса, которые прекрасно выступили и заняли призовые места в самом сложном состязании форума – хакатоне».

Глава ПАО «Татнефть» Наиль Маганов, резюмируя события Форума, отметил:

«Нефтяная отрасль была и остается главным драйвером мировой экономики. Нефть и газ – по-прежнему стратегические ресурсы и основа энергетической безопасности. Поэтому очень важно обеспечить динамичное развитие, эффективность и конкурентоспособность ТЭК в мире цифровой трансформации. И очень важно, что в отрасли трудится творческая, инициативная, неординарно мыслящая молодежь. Это настоящий капитал, конкурентное преимущество и гарант дальнейшего успешного развития. От имени компании «Татнефть» желаю всем нашим участникам дальнейших профессиональных и творческих успехов!» **М**





ҚМГ Жастар форумы: жаңашылдық жетістікке жетелейді

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадр әлеуетін қалыптастыруға, жас мамандардың бойында көшбасшы қасиеттерін дамытуға баса назар аудара отырып, жастар бағдарламасын сәтті іске асырып келеді. «ҚазМұнайГаз» тобының кәсіпорындарында жас маман кеңестерін құру мен олардың қызметін жүргізу, жыл сайын жиындар мен семинар-тренингтер, үздік мамандарды іріктеу бойынша салалық байқаулар, қайырымдылық акциялар және компания жұмысын жүргізетін өңірлердегі тарихи жерлерде сенбіліктер ұйымдастыру – міне, мұның барлығы компанияны басқару ісіне жастарды жұмылдыру үшін жасалуда.

Нұр-Сұлтан қаласында өткен жастар форумының «НЕконференция» атты ерекше форматы да кездейсоқ таңдалған жоқ. Бірінші кезекте, бұл жиын корпоративті орталық пен еншілес компанияларда жұмыс істейтін жастар өкілдері арасындағы білім мен тәжірибе алмасуды, өзара байланысты нығайтуды ынталандыруға бағытталған. Белсенді мамандарды жинаған «НЕ-конференция» табысты болу, тұлға ретінде даму, кәсіби маман ретінде өсу және компанияның өркендеуіне үлес қосу сияқты өзекті мәселелерді бейресми жағдайда талқылауға мүмкіндік берді.

Еліміздің мақтанышына айналған және нағыз үлгі тұтарлық жас қазақстандықтар форумының спикерлері мен бизнес-тренерлері болды. Ірі халықаралық корпорацияларда елеулі жетістіктерге жеткен – Азат Мырзабаев (Сүлейман Демирел атындағы уни-

верситет, АҚШ, Twitter-де жұмыс істеген), Әлібек Датбаевтың (Нидерландтағы Booking.com компаниясында Team Lead) және басқа да танымал тұлғалардың сөздері форум қатысушылары арасында үлкен қызуғушылық тудырды.

Көшбасшылық қасиеттерді тәрбиелеу жөніндегі шеберлік дәрісін еліміздің белгілі марафоншысы Марат Жыланбаев өткізді. Марат Жыланбаев – Азия, Африка, Аустралия және Американың ең ірі шөлдерін жүгіріп өткен адамзат тарихындағы тұңғыш және бірегей спортшы.

Шараны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кадрлар және әлеуметтік саясат жұмысына жауапты бөлім ұйымдастырды. Жиын қатысушыларына ізгі ниетін білдірген ҚМГ Адами ресурстарын басқару жөніндегі басқарушы директоры Дәулетжан Хасанов:

«Болашақ – жастардың қолында. Қазіргі ақпараттық, цифрлы заманда жастар тек білімді ғана болмай, бір-бірімен араласып, тығыз коммуникация орната білу керек. Компаниямыздың жас мамандарына еркін, бейресми пікір алмасу форматы ұнап, тренингтер мен бизнес-ойындар олардың кәсіби және жеке дамуына мүмкіндік беретініне сенімдімін» – деді.

Форум барысында ҚМГ басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев ҚазМұнайГаз компаниясы жас мамандардың алдына қоятын мақсаттар туралы сөз қозғады. Ж.Марабаев ҚМГ-ның жас белсенділері еліміздің басты

мұнай-газ компаниясының корпоративтік құндылықтарына ортақтаса отырып, корпоративтік идеологияны, инновациялық саясатты, өндіріс мәдениетін қалыптастырудың басты күшіне айналуға тиіс екенін атап өтті:

«Жастар форумы бағдарламасында ең маңыздысы команда жасақтау тренингтері болып табылады. Жетістіктерге жету үшін бірігіп жұмыс істеңдер. Адам жалғыз өзі табысқа жетіп, биіктерді бағындыра алмайды, сол үшін серіктес іздеу қажет. Бүгін сендер кем дегенде нақты бірыңғай мақсаттарды қоя білуді үйренесіңдер,

сыртқы сын-қауіптерді жеңу үшін ортақ бағытты таңдайсыңдар. Ең көп дегенде бірлескен бизнесті басқару дағдыларын қалыптастырып, жаңа идеяларыңызыбен бөлісесіңдер».

Форумның қызықты бағдарламасы «НЕ-бар?», «НЕ зат?», «НЕ айтасың?» деген сессиялармен жалғасып тапты.

«НЕконференция» аясында қаржылық сауаттылық, әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану және коммуникация ережелері бойынша тренингтер өтті. Форумға қатысушылардың жеке табыс жолы да талқыланды. **NI**



«ӨзенМұнайСервис» ЖШС -нің жас мамандар кеңесіне – 5 жыл

Биыл «ӨзенМұнайСервис» ЖШС Жас мамандар кеңесінің құрылғанына 5 жыл толып отыр. Осыған орай жастар 13-14 шілде күндері Маңғыстау облысы Шетпе кентінің маңындағы «Көгез» этноауылында бас қосты.

Жас мамандар кеңесінің 5 жылдық мерейтойымен қоса, Қазақстан мұнайының 120 жылдығы, Еңбекті қорғау және Елбасы жариялаған Жастар жылы атап өтілді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға қарасты еншілес мекемелерінің жас мамандары шақырылған басқосу екі күнге созылды. Шараның басы форуммен бастау алды. Форумда арнайы шақырылған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның әлеуметтік саясат және ішкі коммуникация департаменті директорының орынбасары Қуандық Қалидуллин сөз бастап, жастарды ауқымды шараның ашылуымен құттықтады.

«Жастар ел ертеңі, өндіріс болашағы да солардың қолында. Осындай шаралар арқылы жұмыскерлер арасындағы бірлік пен ынтымақ

нығайып, жас мамандардың кәсіби шыңдалуына жағдай жасалады. Жастарға тілейтінім – ізденіс пен еңбек, алғырлық пен сәттілік!» – деді Қ.Қалидуллин.

Сондай-ақ, «ӨзенМұнайСервис» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары С.Бекмамбетов, директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Б.Базарбаев және



әлеуметтік сұрақтар жөніндегі атқарушы директоры Н.Ермағанбетов кезегімен сөз алып, жастарға ризашылығын білдірді. Ал форум кезінде Серіктестіктегі ЕҚТЖҚОҚ бөлімінің бастығы Қ.Абулғазиев баяндама жасап, еңбек қауіпсіздігі жайында сөз қылды. Жастарды еңбекте сақ болуға шақырып, техника қауіпсіздігін қатаң сақтауды міндет етті.

Шара барысында көпшіліктің назарына Жас мамандар кеңесінің тарихынан сырт шерткен бейнеролик ұсынылды. Ал, форумға қонақ ретінде шақырылған ардагер мұнайшы Д.Игилманов өзінің еңбек жолы, қызметтегі төзімділік жайында сөз қозғаса, кәсіпқой боксшы У.Бисенқұлов спорттағы жетістіктері мен жеңістері туралы баяндады. Жаңаөзен қаласының жас кәсіпкері Б.Орысбаев кәсіп бастаудағы қадамдары жайында кеңінен айтып берді.

Жиынға қатысушылар табиғат аясына серуендеп, тимбилдинг ойындарын ұйымдастырды. Топ-топқа бөлініп, түрлі тапсырмалардың шешімін іздестірді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар ойнап, кешкісін шараның алауын жақты.

Ал екінші күні бейн-ринг ұйымдастырылып, тартысты ойынның куәгері болдық. Тимбилдинг, ұлттық ойындар және бейн-рингке қатысып, белсенділік танытқан жастарға кубок табыс етілді.

«Бірлігі мықты жастар – болашаққа жол бастар» осындай ұранды ұстанған Серіктестік жастарын 5 жылдық мерейтойларымен өз кезегінде біз де құттықтаймыз! **NI**

Ембілік мұнайшылар Арыс балаларына қуаныш сыйлады

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері «Арыс. Біз біргеміз» республикалық акцияға үн қосып, жалақылары есебінен қаражат жинады. Жиналған қаражатқа Түркістан облысы Арыс қаласының бүлдіршіндерін қолдау мақсатында қайырымдылық шарасын ұйымдастырды.

Қайырымдылық шарасына Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев, жергілікті тұрғындар, мектеп оқушылары, қала басшылығы мен БАҚ өкілдері қатысты. Шара

кезінде Арыс қаласындағы әлеуметтік көмекке мұқтаж 400-ден астам балаға «Мектепке жол» бағдарламасы аясында мектеп киім-кешектері мен жабдықтар тарту етілді.



Жалпы, «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы қайырымдылық-демеушілік шараларын тұрақты ұйымдастырып келе жатқанын атап өткен жөн. 2015 жылы ЕМГ қызметкерлерінің жалақысы есебінен жиналған қаражатқа тәрбиесінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар Атырау қаласындағы 4 отбасының баспанасына күрделі жөндеу жүргізіліп, жылғызділікті бір қарияға баспана салынып берілді. 2016 жылы Атырау қаласындағы балаларының екеуі ауыр дертке шалдыққан көп балалы отбасыға да жаңа үй тұрғызылды. 2018 жылы ембіліктер қатты нөсерден зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданының тұрғындарына да қолдау көрсетіп, бір күндік жалақылары есебінен қаражат жинап, оған облыстағы Малеевск, Зубовск, Зырян қаласының шеткі мөлтек аудандарындағы баспанасы жөндеуге келмейтін жанұяларға 7 баспана тарту еткен болатын.

Осы жылы ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбековтың бастамасымен ембілік мұнайшылар бір күндік жалақыларын жинап, Рамазан айы қарсаңында Атырау облысындағы Құрманғазы, Исатай, Мақат, Жылыой, Қызылқоға аудандарындағы баспанасыз, көп балалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған сегіз отбасыға 8 үйдің кілтін табыс еткен болатын.



Бұл жолғы көмек арыстық мектеп оқушыларына арналды. Қаладағы 40 мектептің арасынан жарылыстан бүлінген 16 мектептің әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балаларына арнап көмек ұйымдастырылды. Арыс қаласы бойынша білім беру бөлімінің басшысы Әбдіхан Мұсаев барша қазақстандықтардың қол ұшын созып жатқанын атай отырып, арнайы келген ембілік мұнайшыларға арыстық ата-аналардың алғыстарын жеткізді. Оның айтуынша Арыс қаласы бойынша 20 мың мектеп оқушысының 1843-і әлеуметтік көмекке мұқтаж екен. **NI**

КЕРІ БАЙЛАНЫС

Құрметті әріптестер!

«Munaily meken» корпоративтік газетінің редакциясы «Сұрақ-жауап» айдарын ашты. Осы айдар арқылы қызметкерлер «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы басшылығына mm@kmg.kz электрондық мекенжайына хат жолдай отырып, өз сұрағын қоя алады. Ең маңызды сұрақтардың жауаптары «Munaily meken» газетінің әр санында жарияланып тұратын болады. Кері байланыс қызметін пайдаланыңыз!

ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

Уважаемые коллеги!

Редакция корпоративной газеты «Munaily meken» открыла рубрику «Вопрос-ответ». Благодаря этой рубрике сотрудники смогут задать свои вопросы руководству Национальной компании «КазМунайГаз», направив письмо на электронный адрес mm@kmg.kz. Ответы на самые интересные вопросы будут публиковаться в каждом номере «Munaily meken». Пишите и получайте ответы!

На электронный адрес газеты «Munaily meken» в рубрику «Вопрос-ответ» продолжают поступать вопросы наших работников. Предлагаем вниманию наших читателей ответы на некоторые из них. В этом номере на вопросы отвечает Нуритдин Жазетов, начальник отдела правового сопровождения корпоративного управления департамента правового обеспечения КМГ.

1. Какие дисциплинарные взыскания применяются к работнику, если он нарушил трудовую дисциплину? Кто имеет право налагать дисциплинарное взыскание?

В соответствии со статьей 64 Трудового кодекса Республики Казахстан, Правилами трудового распорядка АО НК «КазМунайГаз», за совершение работником дисциплинарного проступка работодатель, вправе применить следующие виды дисциплинарных взысканий:

- 1) замечание;
- 2) выговор;
- 3) строгий выговор;
- 4) расторжение трудового договора по инициативе работодателя в случаях, установленных Кодексом.

Применение дисциплинарных взысканий, не предусмотренных Кодексом и иными законами Республики Казахстан, не допускается.

2. Могут ли работника уволить согласно статье Трудового кодекса РК в случае совершения им ДТП?

Основания расторжения трудового договора по инициативе работодателя регламентированы статьей 52 Трудового кодекса Республики Казахстан. Согласно подпункту 11) пункта 1 статьи 52 Кодекса трудовой договор с работником по инициативе работодателя может быть расторгнут в случае нарушения работником правил охраны труда или пожарной безопасности либо безопасности движения на транспорте, которое повлекло или могло повлечь тяжкие последствия, включая производственные травмы и аварии. Вместе с тем, полагаем, что данная норма распространяет свое действие на происшествия, связанные исключительно с трудовой деятельностью.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазіргі әлемде көмірсутектердің дәстүрлі қорларының азаюы және жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту аясында, карбонатты шоғырларды, тұтқырлығы жоғары мұнайы бар шоғырларды әзірлеу, мұнай мен газдың қиын өндірілетін қорлары бар кен орындары игеру проблемасы өзекті болып отыр.

Көмірсутектерді оңтайлы өндірудің қазіргі заманғы өзекті мәселелерін және осындай кен орындарын игерудегі міндеттерді ескере отырып, «ҚМГ-Инжиниринг» ЖШС-нің Атырау қаласындағы «Каспиймұнайгаз» филиалы Сіздерді 2019 жылдың 5-6 қыркүйек күндері «Қиын алынатын қорлары және дәстүрлі емес коллекторлары бар кен орындарын игерудің заманауи әдістері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Шараның өтетін орны: Атырау қаласы, «Нұрсая» мөлтек ауданы, Елорда даңғылы, 22А.
Байланыс телефоны: +7(7122) 305-440,
e-mail: mukhtanov.b@llpcmg.kz

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В современном мире, на фоне снижения традиционных запасов углеводородов и развития научно-технического потенциала недропользователей, проблематика разработки карбонатных залежей, залежей с высоковязкой нефтью, месторождений с трудноизвлекаемыми запасами нефти и газа приобретает новую актуальность и значимость.

Принимая во внимание современные актуальные проблемы оптимального извлечения углеводородов и задачи при разработке таких месторождений, филиал ТОО «КМГ-Инжиниринг» в г. Атырау «Каспиймұнайгаз» приглашает Вас принять участие в работе Международной научно-практической конференции «Современные методы разработки месторождений с трудноизвлекаемыми запасами и нетрадиционными коллекторами», которая состоится 5-6 сентября 2019 года по адресу г. Атырау, микрорайон «Нұрсая», проспект Елорда, 22А.

Телефон для связи: +7(7122) 305-440,
e-mail: mukhtanov.b@llpcmg.kz

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде есепке қойылып, № 17496-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй, А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz

Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz

Рәмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Ақсана Джапарова – A.Japarova@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

e-mail: mm@kmg.kz

Газет айына 1 рет шығады, Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе.
Тел.: +7 (7172) 68 00 79